

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ АУДИТОРЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТТЕРІН ТАРТУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ

1. ҚҰЖАТТЫҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Осы «Қазмұнайгаз» ҰК АҚ аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту саласындағы саясаты (бұдан әрі – Саясат) «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 2 қыркүйектегі №240 шешімімен бекітілген өзгерістер мен толықтырулармен «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 27 мамырдағы №185 шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту саласындағы саясатына, Халықаралық бухгалтерлер федерациясының этика кодексіне, Қазақстан Республикасының «Аудиторлық қызмет туралы» Заңына сәйкес әзірленген.

Саясат «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – ҚМГ) аудиторлық және аудиторлық емес қызметтерді ұсыну кезінде Аудитордың тәуелсіздік мәртебесін сақтауын қамтамасыз етуге, мүдделер қақтығысын болдырмауға, аудиторлық емес қызметтерді көрсету үшін Аудиторды тарту бойынша біріздендірілген процедураларды енгізуге бағытталған.

2. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

Осы Саясат Аудитордың аудиторлық және аудиторлық емес қызметтерін тартуға қатысты ғана қолданылады.

Саясатта көзделген негізгі ережелер ҚМГ-ға Аудитордың объективтілігіне немесе тәуелсіздігіне нұқсан келтірмей Аудитордың аудиторлық және аудиторлық емес қызметтерін тартуға мүмкіндік береді.

ҚМГ тобына кіретін ұйымдар осы Саясаттың ережелерін ескере отырып, аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту саласындағы өз саясатын әзірлейді.

3. АНЫҚТАМАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы Саясаттың мақсаттары үшін мынадай анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

Аудитор

- ҚМГ аралық шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілігіне шолу жүргізуді қоса алғанда, жасалған шарт негізінде ҚМГ шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілігіне аудит жүргізу бойынша

	қызметтерді көрсететін аудиторлық ұйым
Аудиторлық ұйым	- аудиторлық қызметті жүзеге асыру үшін құрылған және кәсіби ұйымның мүшесі болып табылатын коммерциялық ұйым
Аудиторлық қызметтер	- ҚМГ аралық шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілікке аудиторлық шолу жүргізуді қоса алғанда, ҚМГ шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілігіне аудит жүргізу жөніндегі қызметтер
Аудитор тобы	- Аудитор және Аудитордың ғаламдық желісінің құрамына кіретін басқа да компаниялар
ҚМГ тобы	- ҚМГ және оның барлық деңгейдегі еншілес ұйымдары
Еншілес ұйым	- «Шоғырландырылған қаржылық есептілік» ХҚЕС 10 сәйкес еншілес ұйым ретінде айқындалатын ҚМГ ұйымы
Заң	- «Аудиторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
Санау АЖ	- аудиторлық ұйымдары ҚМГ тобына көрсеткен аудиторлық және аудиторлық емес қызметтерге арналған шығыстар туралы ақпарат жинауға арналған «Санау» ақпараттық жүйесі
Кәсіби бухгалтерлердің этика кодексі	- Халықаралық бухгалтерлер федерациясының бухгалтерлеріне арналған Этика стандарттары жөніндегі комитет шығарған кәсіби бухгалтерлерге арналған этикалық талаптар жиынтығы (этика стандарттары)
Аудит комитеті	- ҚМГ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті
Мүдделер қақтығысы	- Аудиторлық ұйымның мүдделілігі оның

	аудиттелетін субъектінің қаржылық есептілігінің дұрыстығы туралы пікіріне әсер етуі мүмкін жағдай
Компания	- ҚМГ немесе Еншілес ұйым
Аудиторлық емес қызметтер	- Аудитор/Аудиторлық ұйымдар көрсететін жеке және шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті және/немесе аралық есептілікке шолу болып табылмайтын қызметтер
Есепті жыл	- 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғанға дейінгі қаржы жылы
Есепті кезең	- есепті жылғы 1 қаңтардан бастап 31 наурызды қоса алғанға дейін, 1 қаңтардан бастап 30 маусымды қоса алғанға дейін, 1 қаңтардан бастап 30 қыркүйекті қоса алғанға дейін басталатын кезең
Жоба	- Аудитордың ҚМГ шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілігіне шолу жүргізуді қоса алғанда, ҚМГ шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілігіне аудит жүргізуі
Шектеу сомасы	- әрбір есепті жылға арналған Аудитор тобы ҚМГ тобына көрсететін аудиторлық емес қызметтерге арналған шығыстардан аспауға тиіс есептік сома
Елеулі компаниялар	- бірыңғай аудиторлық ұйымды таңдау рәсімін жүргізуге ҚМГ және «Самұрық-Қазына» АҚ-мен бірлесіп қатысу үшін компаниялар тізбесіне енгізілген компаниялар
Қаржылық есептілік	- шоғырландырылған және/немесе жеке қаржылық есептілік
Сұрау салу	- Аудитордың әріптестен төмен емес өкілі қол қоятын, сәйкестендіру нөмірі мен күні бар және осы Саясаттың 2-қосымшасының

талаптарына жауап беретін, Аудитордың Тобынан Компанияның аудиторлық емес қызметтерін көрсетуге арналған Аудит комитетінің рұқсаты сұратылатын Аудитор хаты

4. АУДИТОРДЫ ТАҢДАУ

4.1. Аудиторды таңдау процедурасы «Самұрық-Қазына» АҚ және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп проценті меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-қа тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалар үшін сатып алуды жүзеге асыру Тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

5. АУДИТОЛЫҚ ЕМЕС ҚЫЗМЕТТЕРДІ ЖІКТЕУ

5.1. Аудитор тобы ҚМГ тобына белгілі бір аудиторлық емес қызметтерді көрсете алады. Бұл ретте ҚМГ Аудитор тобы ҚМГ тобына аудиторлық емес қызметтерді көрсету және олар бойынша сыйақы деңгейі мүдделер қақтығысына немесе Аудитордың объективтілігін нақты/болжамды жоғалтуға әкелуі мүмкін деп санайды.

5.2. ҚМГ ықтимал аудиторлық емес қызметтерді мыныдай санаттар бойынша жіктейді:

А санаты: Аудитордың ағымдағы міндеттемелерін қамтамасыз ету бойынша тәуелсіздікке әсер етуі мүмкін және Аудитор тобы Қазақстан Республикасының, сондай-ақ Компания тіркелген басқа елдің заңнамалық және нормативтік актілерінің талаптарына сәйкес көрсетуге тиіс аудиторлық емес қызметтер. А санатындағы аудиторлық емес қызметтерді көрсету Кәсіби бухгалтерлердің этика кодексінде көзделген шарттарды сақтай отырып жүргізіледі.

А санатындағы аудиторлық емес қызметтер Шектеу сомасын сақтауды талап етпейді.

В санаты: Аудитордың ағымдағы міндеттемелерін қамтамасыз ету бойынша тәуелсіздікке әсер етуі мүмкін және Заңға сәйкес және Кәсіби бухгалтерлердің этика кодексінде көзделген шарттарды сақтай отырып Аудитор тобы көрсете алатын аудиторлық емес қызметтер. В санатындағы аудиторлық емес қызметтер Шектеу сомасын сақтауды талап етеді.

С санаты: Аудитордың ағымдағы міндеттемелерін қамтамасыз ету бойынша тәуелсіздікті жоғалтуға әкеп соғатын және Заңға және Кәсіби бухгалтерлердің этика кодексінде көзделген басқа да шектеулерге сәйкес тыйым салынған қызметтер болып саналатын аудиторлық емес қызметтер.

5.3. ҚМГ тобына А және В санаттарына жататын аудиторлық емес қызметтерді көрсету үшін Аудитор тобы Аудит жөніндегі комитетінің рұқсатын алуға міндетті.

Аудитор тобы бірлескен кәсіпорынға және/немесе қауымдасқан компанияға А және В санаттарына жататын аудиторлық емес қызметтерді көрсеткен жағдайда Аудит жөніндегі комитетінің рұқсатын алуға міндетті емес, бірақ Аудит жөніндегі

комитетіне аудиторлық емес қызметтер көрсету туралы Аудит жөніндегі комитетті Саясаттың 2-қосымшасындағы ұқсас ақпаратты міндетті түрде көрсете отырып, Аудит жөніндегі комитеттің мүшелеріне электрондық пошта арқылы хабарлама жіберу арқылы хабардар етуге міндетті.

5.4. С санатына жататын қызметтерді көрсету үшін Компания Аудитор тобын тартпайды.

6. САНАТТАР БОЙЫНША АУДИТОРЛЫҚ ЕМЕС ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ТІЗБЕСІ

6.1. А санатындағы аудиторлық емес қызметтерге мыналар жатады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құзыретті немесе реттеуші орган талап ететін есептілік;

2) Қазақстан Республикасының резиденті емес компания тіркелген және орналасқан елдің заңнамасында талап етілетін есептілік;

3) Қазақстан Республикасының немесе Қазақстан Республикасының резиденті емес компания тіркелген және орналасқан елдің заңнамасында талап етілетін ішкі қаржылық бақылау туралы есептілік;

4) Құзыретті/реттеуші органдар талап ететін немесе егер құзыретті/реттеуші орган қызмет көрсету үшін Аудиторды анықтаса немесе Компанияға осы қызметтерді көрсету үшін Аудитор таңдалуға тиіс екенін көрсетсе, осындай органдарға ұсынылатын есептер;

5) Мұндай қызметтерді көрсету уақыт бойынша қатаң шектелген, мұндай қызметтердің мәні бағаға сезімтал, және бейтарап, әділ және ақпараттандырылған үшінші тарап Аудитор қаржылық есептілік аудитінің мақсаттары үшін алған компанияның қызметін түсіну осы қызмет үшін маңызды және қызмет сипаты Аудитордың тәуелсіздігіне қауіп төндірмейтін кезде деген қорытындыға келген кезде Қазақстан Республикасының немесе Компанияның тіркелген және орналасқан елінің заңнамасында талап етілетін міндеттемелерді орындауда Компанияға көмек көрсетуге тиісті қызметтер.

6.2. В санатындағы аудиторлық емес қызметтерге мыналар жатады:

1) кредиттік келісімдер бойынша есептілік (заңнамада талап етілетіндерді қоспағанда);

2) Егер бұл жұмыс көрсетілетін аудиторлық қызметтермен біріктірілген және сол негізгі шарттарда орындалатын болса, Компания басшылығының тапсырмасы бойынша көрсетілетін қаржылық ақпарат/қаржылық бақылау бөлігінде кеңейтілген аудиторлық процелдураларды көрсету жөніндегі қызметтер;

3) ҚМГ басшылығының тапсырмасы бойынша көрсетілетін Елеулі компаниялардың қаржылық есептілігіне қатысты қосымша аудиторлық процедураларды жүргізу жөніндегі қызметтер;

4) заңнамада немесе бухгалтерлік есеп және аудит стандарттарында болған өзгерістерді талдауды ұсыну жөніндегі қызметтер;

5) салықтық консультациялар көрсету жөніндегі қызметтер;

6) компанияларды қосу және қосып алу жөніндегі мәмілелерді сүйемелдеу жөніндегі қызметтер;

7) инвестициялық келісімдер мен проспектілер шеңберінде дайындалатын Компанияның жария есептілігіне қатысты аудиторлық және басқа да қызметтер;

8) инвестициялық келісімдер немесе проспектілер шеңберінде Компания басшылығының есептілікті растау/дайындау немесе ақпаратты ашу жөніндегі қызметтері;

9) Компанияның қаржылық есептіліктен өзгеше есептілігін растау жөніндегі қызметтер (қоршаған орта бойынша есептілік, кәсіби стандарттарға сәйкес орнықты даму бойынша есептілік және т.б.);

10) нормативтік және нарықтық факторларға, сондай-ақ физикалық климаттық әсерлерге ден қою саласында климаттың өзгеруіне байланысты консультациялар мен қолдау;

11) EHS деректерін талдауды қоса алғанда, қоршаған орта, денсаулық және қауіпсіздік (EHS) саласындағы кешенді тексеру қызметтері, консультациялар мен ұсынымдар;

12) қызметкерлердің әлеуетін бағалау құралдары мен құзыреттер моделін әзірлеу;

13) оқыту семинарларын, корпоративтік тренингтерді, біліктілікті арттыру курстарын өткізу бойынша қызметтер;

14) жалақы мен өтемақыларға шолу жүргізу жөніндегі қызметтер, еңбек нарығы бойынша бенчмаркаларды (метриктерді) талдау.

6.3. С санатындағы аудиторлық емес қызметтерге мыналар жатады:

1) кейінге қалдырылған салықты қоса алғанда, салықтарды есептеуге және/немесе есептіліктің салықтық нысандарын дайындауға байланысты салық қызметтері;

2) салықтық жоспарлау жөніндегі қызметтер;

3) бағалау жүргізуге байланысты салық қызметтері;

4) салық органдарына тексеру жүргізу кезінде сүйемелдеу көрсету жөніндегі қызметтер;

5) салық дауларын шешуде көмек көрсету жөніндегі қызметтер;

6) Компанияны басқаруға қатысуға немесе басқаруылық шешімдерді қабылдауға байланысты қызметтер;

7) бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті дайындау бойынша қызметтер;

8) Компания қызметкерлеріне жалақы есептеу және төлеу бойынша қызметтер;

9) қаржылық ақпаратты дайындаумен және/немесе бақылаумен байланысты ішкі бақылау немесе тәуекелдерді басқару процедураларын әзірлеу және енгізу немесе қаржылық ақпараттық технологиялар жүйелерін әзірлеу және енгізу бойынша қызметтер;

10) бағалау жүргізу жөніндегі қызметтер, оның ішінде актуарлық міндеттемелер немесе Компанияның сот талқылауларына байланысты міндеттемелер;

11) заң қызметтері, оның ішінде заң кеңесшісі қызметтері, Компания атынан келіссөздер жүргізу, сот дауларын шешуде Компанияның мүдделерін қорғау;

12) ҚМГ ішкі аудитін жүргізу жөніндегі қызметтер;

13) Комплаенс саласындағы қызметтер;

14) Компания шығарған бағалы қағаздар проспектілеріне қатысты кепілгерлік хаттарды шығару сияқты қаржылық есептілікке қатысты аудиторлық қызметтерді көрсетуді қоспағанда, капиталды қаржыландыруға, құрылымына және бөлуге, сондай-ақ Компанияның инвестициялық стратегиясына байланысты қызметтер;

15) Компания акцияларын, Компания шығарған борыштық және өзге де қаржы құралдарын ілгерілетуге, сатуға немесе андеррайтингке қатысты қызметтер және осындай акцияларға, борыштық міндеттемелерге немесе өзге де қаржы құралдарына инвестициялар бойынша консультациялар беру;

16) Компанияның бухгалтерлік есебін жүргізуге және қаржылық есептілігін дайындауға әсер ететін басшылық позицияларына персоналды іздеу және тестілеу бойынша қызметтер;

17) Компанияның ұйымдастыру құрылымын анықтау жөніндегі қызметтер;

18) Компания шығындарын бақылау қызметтері.

7. ШЕКТЕУ СОМАСЫН АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ

7.1. Ағымдағы есепті жылы ҚМГ тобына Аудитор тобы көрсеткен В санатындағы аудиторлық емес қызметтерге арналған шығыстардың жалпы сомасы алдыңғы қатарынан үш есепті жылда ҚМГ тобына Аудитор тобы көрсеткен аудиторлық қызметтерге арналған шығыстардың орташа сомасының 50% ретінде есептелетін Шектеу сомасынан аспауға тиіс.

7.2. Егер Аудитор ҚМГ Тобына үш жылдан кем аудиторлық қызметтер көрсеткен жағдайда, онда әрбір Есепті жыл үшін Шектеу сомасы былайша есептеледі:

1) бірінші Есепті жыл үшін: бірінші Есепті жыл үшін Аудитордың ҚМГ-ға және Елеулі компанияларға көрсетуге жататын аудиторлық қызметтерге арналған болжамды шығыстар сомасының 50% (аудиторлық қызметтер көрсетуге арналған шартта көрсетілетін аудиторлық қызметтердің құны);

2) екінші жыл үшін: өткен Есепті жылы (бірінші Есепті жыл) Аудитор тобы ҚМГ тобына көрсеткен аудиторлық қызметтерге арналған нақты шығыстар сомасының 50%;

3) үшінші жыл үшін: Аудитор Тобы ҚМГ Тобына алдыңғы екі Есепті жылда (бірінші және екінші Есепті жылдар) көрсеткен аудиторлық қызметтерге арналған шығыстардың орташа сомасының 50%.

7.3. Бухгалтерлік және салықтық есеп департаменті ағымдағы Есепті жылдың 1 сәуірінен кешіктірмей ҚМГ тобы Санау АЖ-ға ұсынған деректердің негізінде осы Саясаттың 1-қосымшасында көрсетілген нысан бойынша Шектеу

сомасын есептеуді, оны Аудитормен келісуді және белгіленген тәртіппен Аудит жөніндегі комитетіне және Аудиторға беруді жүргізеді.

7.4. Ағымдағы Есепті жылдың 1 қаңтарынан бастап 31 наурызына дейінгі кезеңде Аудитордың аудиторлық емес қызметтер көрсетуге рұқсат беруге сұрау салуларын қарау үшін Аудитор және Аудит комитеті алдыңғы Есепті жыл үшін есептелген Шектеу сомасын пайдаланады.

7.5. Аудитордың аудиторлық қызметтер көрсетуінің бірінші жылы үшін Бухгалтерлік және салықтық есеп департаменті Елеулі компаниялар ұсынған деректер негізінде Шектеу сомасын есептейді, оны Аудитормен келіседі және осы Саясатқа 1-қосымшада көрсетілген нысан бойынша ағымдағы Есепті жылдың 1 қаңтарынан кешіктірмей Аудит жөніндегі комитетіне және Аудиторға ұсынады.

8. АУДИТОРЛЫҚ ЕМЕС ҚЫЗМЕТТЕРДІ КӨРСЕТУГЕ РҰҚСАТ АЛУ

8.1. Аудитор тобы Компанияға А немесе В санаттарындағы аудиторлық емес қызметтерді көрсетуге мүдделі болған жағдайда, Аудитор ҚМГ-ның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Сұрау салуды Аудит жөніндегі комитеттің қарауына енгізеді, бұл ретте, Сұрау салуда сұрау салынған аудиторлық емес қызмет Саясаттың 5 және 6-бөлімдерінің ережелеріне сәйкес қандай санатқа жататыны көрсетіледі, сондай-ақ Шектеу сомасының сақталуы (аспауы) туралы ақпарат көрсетіледі.

Аудитор тобы Компанияға осы Саясаттың 6.2-тармағының он үш және он төрт тармақшаларында көрсетілген В Санатының аудиторлық емес қызметтерін көрсетуге мүдделі болған жағдайда, Аудитор ҚМГ-ның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Аудит комитетіне осындай қызметтерді топтық негізде көрсетуге рұқсат беруге (қызметтердің әрбір түрі бойынша жиынтығында) алдағы есепті жыл үшін қызметтерді көрсетуге ең жоғары болжамды соманы көрсете отырып, Сұрау салу жібереді.

8.2. ҚМГ-ның ішкі құжаттарда белгіленген мерзімде және тәртіппен Аудит жөніндегі комитет Сұрау салуды қарайды, аудиторлық емес қызметтің жіктелуінің дұрыстығын тексереді және Аудитор тобына аудиторлық емес қызмет көрсетуге рұқсат беру/рұқсат бермеу туралы шешім қабылдайды. Аудит жөніндегі комитеттің шешімі Аудиторға және Бухгалтерлік және салықтық есеп департаментіне жетекшілік ететін ҚМГ Басқарма төрағасының орынбасарына жіберіледі.

9. АУДИТОРЛЫҚ ЖӘНЕ АУДИТОРЛЫҚ ЕМЕС ҚЫЗМЕТТЕРДІ КӨРСЕТУ КЕЗІНДЕГІ МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ

9.1. Аудиторлық қызметтерді сатып алу рәсімін жүргізу кезінде, сондай-ақ аудиторлық қызметтерді алу кезеңінде ҚМГ келесі оқиғалардың салдарынан туындайтын Аудитор үшін тәуелсіздік қаупінің туындау мүмкіндігіне талдау жүргізуі тиіс:

- 1) Аудитор тобынан бұрын алынған қызметтердің сипаты;
- 2) аудиттелетін қаржылық есептілікте қамтылатын кезең ішінде немесе одан кейін Аудитор тобымен қаржылық немесе іскерлік қатынастар салдарынан Аудитор үшін қауіпсіздік қауіп-қатерінің туындау мүмкіндігін қарастыруы керек.

Аудитор үшін тәуелсіздік қатерін болдырмау үшін шаралар қабылдамаған немесе қабылдау мүмкін болмаған немесе мұндай қатерді қолайлы деңгейге жеткізу мүмкін болмаған жағдайда, ҚМГ Аудитор тобынан аудиторлық қызметтер ала алмайды.

9.2. Аудитор тобына Заңда көзделген жағдайларда аудиторлық қызметтерді көрсетуге тыйым салынады.

9.3. ҚМГ Аудитордан алатын аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер:

1) Аудитордың қатысушылардың көпшілігі ҚМГ бәсекелестері болып табылатын бірлескен кәсіпорындары немесе ұқсас бірлестіктері болған кезде;

2) Аудитор мүддесі қайшылықты немесе мәселелер, операциялар мен проблемалар бойынша бір-бірімен пікірсайыс және пікірталас жағдайында болатын ҚМГ мен басқа да ұйымдарға қызмет көрсеткен кезде құрылған объективтілік пен құпиялылық принциптерін бұзбауға тиіс.

10. АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТКЕ АУДИТОР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ БЕРУ

10.1. ҚМГ тобы Санау АЖ-да келесі ақпаратты ұсынады:

– Аудиторлық ұйымдар көрсеткен және ҚМГ тобының жиынтық кірісі туралы есепте көрсетілген аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер бойынша шығыстар туралы;

– аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер көрсеткені үшін Аудиторға төленген және ҚМГ Тобының ақша қаражатының қозғалысы туралы есепте көрсетілген сыйақы туралы ақпарат.

Ақпарат Есепті жылдың 1 қаңтарынан бастап Есепті кезеңнің/жылдың соңғы күніне дейінгі өсу қорытындысымен мынадай мерзімдерде ұсынылады:

10.1.1. Есепті кезең үшін - Есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне дейінгі мерзімде,

10.1.2. Есепті жыл үшін - Есепті жылдан кейінгі жылдың 10 ақпанына дейінгі мерзімде.

Есепті жыл үшін ақпарат ұсынған кезде, сондай-ақ Есепті жылдан кейінгі келесі екі жылда жиынтық кіріс туралы есепте танылуға тиіс Аудиторлық ұйымдармен жасалған шарттар бойынша аудиторлық және аудиторлық емес қызметтерге болашақ шығыстардың сомасы беріледі.

10.2. Бухгалтерлік және салықтық есеп департаменті осы Саясаттың 10.1-тармағында көрсетілген ҚМГ тобы Санау АЖ-ға ұсынған деректердің толықтығы мен дұрыстығын тексеруді жүзеге асырады, сондай-ақ оларды тиісті Аудиторлық ұйымдармен салыстырып тексеруді жүргізеді.

10.3. Есепті жылдан кейінгі жылдың 26 наурызынан кешіктірмей Бухгалтерлік және салықтық есеп департаменті белгіленген тәртіппен Аудит жөніндегі комитеттің бекітуіне келесіні енгізеді:

1) Есепті жыл үшін Аудиторға көрсетуге рұқсат етілген аудиторлық емес қызметтер туралы ақпаратты (3-қосымша);

2) Аудитордың Есепті жылы нақты көрсеткен аудиторлық және аудиторлық емес қызметтері туралы ақпаратты (4-қосымша) жібереді.

Аудитор іс жүзінде көрсеткен аудиторлық емес қызметтердің сомасын Шектеу сомасынан асып кету анықталған жағдайда және Аудитор Аудит жөніндегі комитеттің рұқсатын алмай аудиторлық емес қызметтер көрсеткен жағдайда, Аудит жөніндегі комитет Аудит жөніндегі комитет туралы ережеге және Кәсіби бухгалтерлердің этика кодексіне сәйкес Аудиторға қатысты шаралар қабылдайды.

10.4. Бухгалтерлік және салықтық есеп департаменті Аудит комитеті бекіткеннен кейін

1) Есепті жыл үшін Аудиторға көрсетуге рұқсат етілген аудиторлық емес қызметтер туралы ақпаратты ҚМГ Директорлар кеңесінің қарауына мәлімет үшін белгіленген тәртіппен енгізеді;

2) Аудитордың Есепті жылы көрсеткен аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер туралы ақпаратты ҚМГ-нің корпоративтік веб-сайтында орналастыру үшін ҚМГ-нің тиісті құрылымдық бөлімшесіне жібереді.

10.5. Аудитор көрсеткен аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер туралы ақпарат Аудит жөніндегі комитеттің өкімдері негізінде жылына бір реттен жиі Аудит жөніндегі комитетіне берілуі мүмкін.

11. ЖОБА БОЙЫНША СЕРІКТЕСТІ РОТАЦИЯЛАУ

11.1. Аудитор әрбір бес жыл сайын Жоба бойынша (аудит үшін негізгі жауапкершілікті мойнына алатын) серіктесті ротациялау принципін ұстануға тиіс.

11.2. Жоба бойынша серіктестіктің (жетекшісінің) сабақтастық жоспарын Аудитор әзірлеп, белгіленген тәртіппен Аудит жөніндегі комитетіне, сондай-ақ Бухгалтерлік және салықтық есеп департаментіне жетекшілік ететін ҚМГ Басқарма төрағасының орынбасарына ротация жүргізілгенге дейін кемінде бір жыл бұрын қарау үшін ұсынуға тиіс.

12. ҚМГ-ге АУДИТОР ЖҰМЫСКЕРЛЕРІН ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАУ

12.1. Жоба бойынша серіктес (жетекші) Басқарма мүшесі, қаржы блогының басшысы, ішкі аудит қызметінің басшысы немесе ҚМГ бас бухгалтері лауазымына ол жоба бойынша серіктес (жетекші) болуды тоқтатқан күннен бастап екі жыл өткеннен кейін ғана тағайындалуы (сайлануы) мүмкін.

12.2. Егер Басқарма мүшесі, қаржы блогының басшысы, ішкі аудит қызметінің басшысы немесе ҚМГ-нің бас бухгалтері лауазымына оны ҚМГ-ге тағайындаған (сайлаған) күннің алдындағы екі жыл ішінде Аудитор жұмыскері ретінде Жобаға қатысатын немесе қатысқан адамды тағайындау (сайлау) көзделсе, мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында ұсынылған кандидат бойынша Аудит жөніндегі комитеттің оны тағайындау (сайлау) туралы мәселені одан әрі қарау үшін алдын ала мақұлдауын алу талап етіледі.

13. АУДИТОРДЫҢ ЖЫЛ САЙЫНҒЫ РАСТАУЫ

13.1. Аудитор жылына кемінде бір рет белгіленген тәртіппен Аудит жөніндегі комитеттің қарауына:

- Аудитордың тәуелсіздігі сақталғанын;

- Аудитор мен оның серіктестерінің (жетекшісінің) және Жобадағы аудиторлық команда мүшелерінің ҚМГ тобында ешқандай қаржылық мүдделері жоқ екенін;

- осы Саясатта көзделген жағдайларды қоспағанда, ҚМГ мен Аудитор арасында ешқандай өзге қызмет көрсету жағдайлары жоқ екенін;

- ҚМГ Аудиторға төлейтін сыйақының ешқандай бөлігі төтенше жағдайлардың туындауы негізінде төленбейтінін;

- Аудитордың жалпы табысының 15 процентінен аспауы тиіс Аудитордың ҚМГ Тобына көрсеткен қызметтері бойынша Аудитор алған және алуы болжанатын сыйақының жалпы сомасы Аудитордың ҚМГ-ден немесе ҚМГ тобынан қаржылық тәуелсіздігіне елеулі әсер етпегенін;

- ҚМГ мен Аудитор арасында ешқандай дау жоқ екендігін растайды.

13.2. Аудит жөніндегі комитет жыл сайын Директорлар кеңесіне Аудитордың осы Саясаттың 13.1-тармағында аталған растауды бергенін растайды.

14. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

14.1. Осы Саясаттың жекелеген ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келген жағдайда Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары қолданылуға жатады.

14.2. Осы Саясат онда баяндалған талаптардың өзектілігіне мезгіл-мезгіл бағаланып отыруға тиіс.

14.3. Аудит жөніндегі комитет қажеттілігіне қарай осы мақсаттар үшін ҚМГ Ішкі аудит қызметін тарту мүмкіндігімен Саясат талаптарын сақтау мәселелерін қарайды.

_____ жылға
**аудиторлық емес қызметтерді көрсетуге Шектеу сомасын есептеу
 нысаны**

	Есепті жылдың алдындағы соңғы 3 жыл	Аудиторлық қызметтерге нақты шығыстар сомасы, мың теңге
1	2	3
1		
2		
3		
	Жиыны	
	Бір жылдағы орташа сома	
	Шектеу сомасы (бір жылдағы Орташа соманың 50%)	

Келісілді:

Аудитор

Аудиторлық емес қызметтер көрсетуге рұқсат беруге сұрау салу Нысаны ¹

Аудиторлық емес қызмет көрсету болжанып отырған компанияның атауы: _____

Аудитор тобының компаниясының атауы: _____

ҚМГ-нің соңғы шоғырландырылған қаржылық есептілігін шығару күніне компанияның деректері:

- активтер жиыны _____

- салық салынғанға дейінгі пайда/(залал) _____

(мың теңге)									
Аудиторлық емес қызметтер көрсетуге рұқсат беруге Сұрау салудың № және күні	Аудиторлық емес қызметтің атауы	Аудиторлық емес қызметтің толық сипаттамасы	Аудиторлық емес қызметтің болжамды жіктелуі ²	Сыйақының жоспарланған сомасы (теңгеден ерекшеленетін валютадағы сыйақы сомасы Аудиторлық емес қызметтер көрсетуге рұқсат беруге Сұрау салу күніндегі бағам бойынша қайта есептеледі)	Осы қызметті көрсету кезіндегі тәуелсіздікті талдау	Мүдделер қақтығысының болмауын растау ³	Есепті жылда қолдану үшін есептелген Шектеу сомасы ⁴	Есепті жылғы 1 қаңтардан бастап Аудит жөніндегі комитет рұқсат берген аудиторлық емес қызметтер бойынша шығыстар сомасы	Аудиторлық емес қызметтерге арналған шығыстар ([5]+[9]) шекті мәннен асады/аспайды ([8])
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

¹ орыс және ағылшын тілдерінде ұсынылады

² аудиторлық емес қызметтің Санаты (А, В, С) және оның осы Саясаттың 6-бөліміне сәйкес түрі көрсетіледі

³ осы Саясаттың ережелері шеңберінде Аудитордың тәуелсіздігін бұзбағанын растау келтіріледі

⁴ осы Саясаттың 7-бөлімінің ережелеріне сәйкес Бухгалтерлік және салықтық есеп департаменті есептеген және Аудиторға берілген сома

Аудитордың уәкілетті тұлғасы

Аты-жөні

Қолы

_____ жыл үшін
**Аудиторға көрсетуге рұқсат етілген аудиторлық емес қызметтер туралы
 ақпарат нысаны**

**Барлық алынған аудиторлық емес қызметтер көрсетуге рұқсат беруге
 Сұрау салулар: _____**

Оның ішінде:

Көрсетуге рұқсат етілген:

Нақты көрсетілген/қол қойылған шарттар:

мың теңге					
№	Компанияның атауы	Аудиторлық емес қызметтің атауы	Аудиторлық емес қызметтерге арналған шығыстар сомасы	АК Рұқсатының болуы (Иә/Жоқ)	Шарт жасалған/ жасалмаған (Иә/Жоқ)
1					
2					
3					
АК мақұлдаған Сұрау салулар бойынша В санатының аудиторлық емес қызметтері бойынша шығыстар сомасының жиыны:					
Есепті жылға арналған аудиторлық емес қызмет көрсетуге шектеу сомасы:					
Есепті жылға арналған аудиторлық емес қызмет көрсетуге шектеу сомасынан АК мақұлдаған Сұрау салулар бойынша В санатының аудиторлық емес қызметтер бойынша шығыстар үлесі, %					

Анықтама ретінде:

1) Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялар үшін аудиторлық емес қызметтер көрсету туралы алынған Хабарламалар туралы ақпарат (АК рұқсатын алу талап етілмейді):

№	Компанияның атауы	Аудиторлық емес қызметтің атауы	Аудиторлық емес қызметтерге арналған шығыстар сомасы	Аудит жөніндегі комитет хабарламаны алғаны (Иә/Жоқ)	Шарт жасалған/ жасалмаған (Иә/Жоқ)
1					
2					
3					

2) бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау, салық салу, аудит және қаржылық-шаруашылық қызметті талдау және қаржылық жоспарлау бойынша оқыту жөніндегі қызметтер; халықаралық біліктілікті алу; қаржы саласындағы жоғары білім; ішкі аудит, қаржылық есептілік және жобаларды басқару саласындағы ұзақмерзімді оқыту бағдарламалары; басқару курстары, әдетте, тұлғаралық қарым-қатынас дағдыларына байланысты 20___ жылы - _____ мың теңгені, 20___ жылы - _____ мың теңгені құрады.

**_____ жылы Аудитор көрсеткен аудиторлық және аудиторлық емес
қызметтер туралы ақпаратты жариялау
нысаны**

№	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – ҚМГ) шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйым көрсеткен қызметтердің атауы	Қызметтер құны, ҚҚС-сыз, мың теңге	
		өткен есепті жыл	есепті жыл
1	Есепті кезеңдегі тоқсан сайынғы шолуларды қоса алғанда, ҚМГ мен оның барлық деңгейдегі еншілес ұйымдарының шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілігінің аудиті бойынша шығыстар		
2	Аудиторлық емес қызметтер*		
	Өзгелері		
	ҚМГ мен оның барлық деңгейдегі еншілес ұйымдарының аудиторлық емес қызметтеріне арналған шығыстар ЖИЫНЫ		
3	Шығыстардың жалпы сомасынан аудиторлық емес қызметтердің үлесі, %		

Анықтама ретінде:

бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау, салық салу, аудит және қаржылық-шаруашылық қызметті талдау және қаржылық жоспарлау бойынша оқыту жөніндегі қызметтер; халықаралық біліктілікті алу; қаржы саласындағы жоғары білім; ішкі аудит, қаржылық есептілік және жобаларды басқару саласындағы ұзақмерзімді оқыту бағдарламалары; басқару курстары, әдетте, тұлғааралық қарым-қатынас дағдыларына байланысты 20__ жылы - _____ мың теңгені, 20__ жылы - _____ мың теңгені құрады.

* ең маңызды аудиторлық емес қызметтер бөлек көрсетіледі